

FTAMP 29.01.45

А.А. Калиева<sup>1</sup>, Ш. Өмірхан<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,  
Қазақстан

## ОҚУШЫЛАРДЫ ҰБТ-ҒА ДАЯРЛАУ КЕЗІНДЕГІ ҚИЫНШЫЛЫҚТАР МЕН ҚАТЕЛІКТЕР

**Аңдатпа.** Біздің мақаламызда әр оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік тәжірибелер қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген, оқушының жан дүниесін түсіне білетін педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. Қазіргі қоғамда ҰБТ жаңалық емес, шындыққа келсек бұл үрдіс өзіне саналылық қатынасты талап етеді. Сондықтан мектеп ұжымы осы маңызды міндетті орындауда тиянақты дайындалуы қажет. Бұл мақалада жалпы ЖОО-ға түсу кезінде ТжКБ бітірушілерінің барлық бітірушілеріне бірдей кешенді тестілеу арқылы сәйкес мамандықтарға, ақылы негізде қысқартылған мерзім бойынша міндетті түрде кешенді тестілеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Колледж түлектері ЖОО-на түсе алмаған жағдайда кәсіби білімі бойынша жұмысқа орналасады. Адамдарда іс жүзінде уайым азаймады, керісінше барлығы басқаша болды: үдеріске қатысушылардың барлығы – оқушылар да, ұстаздар да және оқушылардың ата-аналары да ҰБТ дайындық пен тапсыру кезінде күйгелектіктің, уайымның артатындығын айтады. Өйткені енді оқушыға тапсырған емтиханы үшін бағаны, оны көп жылдар бойы білетін және оның нақты әлеуетін ұғынатын мектеп мұғалімдері қоймайды. Енді барлығын компьютер шешеді, ал ол болса, барлық оқушыларға бірдей қарап, оның ешқандай бұрынғы еңбектерін бағалап, ескермейді. Компьютер тестілеуде түлек жіберген қателіктің кездейсоқ немесе бұл оның білімінің заңды нәтижесі екенін «көре алмайды» және де, екінші жағынан, жасөспірімде өзі таңдаған ЖОО қабылдау комиссиясына өзінің білімділік деңгейін көрсететін, ҰБТ басқа мүмкіндігі жоқ. Жоғарғы оқуға түсу әр талапкердің арманы.

**Түйін сөздер:** Жоғары оқу орны, орта мектеп, колледж, Ұлттық бірыңғай тестілеу, әдістеме, оқушылар, талапкерлерді кешенді тестілеу жүйесі (ТКТ).

\*\*\*

**Аннотация.** В нашей статье нам нужны лучшие практики для повышения уровня знаний каждого ученика. Оснащенный новейшими

передовыми технологиями обучения, только учитель, который полностью понимает новые методы обучения, т.е. информационные и коммуникационные технологии, понимает душу студента, позволяет студенту получить качественное образование. В современном обществе в ЕНТ нет ничего нового, по сути, этот процесс требует осознанного отношения. Поэтому школьный коллектив должен быть тщательно подготовлен к выполнению этой важной задачи. В основу данной статьи положены результаты обязательного комплексного тестирования за сокращенный срок на платной основе по соответствующим специальностям через единое комплексное тестирование для всех выпускников ПОО при поступлении в вуз в целом. В случае отказа выпускников колледжа от поступления в вуз они принимаются на работу на основе профессионального образования. На самом деле волнения людей не уменьшились, наоборот, все было иначе: все участники процесса - ученики, учителя и родители учеников - говорят, что подготовка и сдача ЕНТ усилит тревогу. Ведь школьные учителя, которые знают ученика много лет и понимают его реальный потенциал, больше не выставляют оценку за экзамен. Теперь все решает компьютер, который одинаково относится ко всем ученикам и не оценивает и не принимает во внимание какие-либо его предыдущие работы. Компьютер не «видит», что ошибка, допущенная выпускником в тесте, является случайной или законным результатом его обучения, и, с другой стороны, у подростка нет другого варианта для ЕНТ, что указывает на его уровень образования. в приемную комиссию выбранного университета. Поступление в высшие учебные заведения - мечта каждого абитуриента.

**Ключевые слова:** Университет, средняя школа, колледж, Единое национальное тестирование, методика, интегрированная система тестирования (ИСТ) для студентов, абитуриентов.

\*\*\*

**Abstract.** In our article, we need best practices to improve the knowledge of each student. Equipped with the latest cutting edge teaching technologies, only a teacher who fully understands new teaching methods, i.e. information and communication technologies, understands the soul of the student, allows the student to receive a quality education. In modern society, the UNT is nothing new; in fact, this process requires a conscious attitude. Therefore, the school team must be carefully prepared for this important task. This article is based on the results of compulsory comprehensive testing for a shorter period on a paid basis in the relevant specialties through a single comprehensive testing for all VET graduates upon admission to the university as a whole. If college graduates refuse to enter the university, they are hired on the basis of professional education. In fact, the excitement of people did not diminish, on the contrary,

everything was different: all participants in the process - students, teachers and parents of students - say that the preparation and delivery of the UNT will increase anxiety. After all, school teachers who have known the student for many years and understand his real potential no longer give a grade for the exam. Now everything is decided by the computer, which treats all students equally and does not evaluate or take into account any of his previous work. The computer does not “see” that the mistake made by the graduate in the test is an accidental or legitimate result of his learning, and, on the other hand, the adolescent has no other option for the UNT, which indicates his level of education. to the admissions office of the selected university. Admission to higher educational institutions is the dream of every applicant.

**Keywords:** University, high school, college, Unified National Testing, Methodology, Integrated Testing System (ITS) for students, applicants.

### *1. Қазақстандағы алғашқы ҰБТ-ы тестілеуі.*

Қазақстанда тестілеу жүйесінің енгізілуі 1992 жылдан басталды. Орта білімді бітірушілер мен олардың жоғары оқу орнына түсудегі білім деңгейін айқындау мақсатында Республикалық тестілеу орталығы құрылды. Тестілеу алғашында жаңаша ақпарат технологиялар әдісімен жоғары оқу орнына түсу емтиханы ретінде пайдаланылды. 1995 жылдан бастап барлық жоғары оқу орындары студенттерінің білім сапасын ағымдағы және аралық бақылауда тестілеу жүйесін кеңінен қолдана бастады. 1999 жылы орталықтанған кешенді тестілеудің енгізілуі талапкерлердің білім сапасын бағалаудың әділ болуына және мемлекеттік білім гранттары мен кредиттерді білімге сәйкес бөлуге жол ашты. 2004 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеу енгізілді, ҰБТ – жалпы білім беру ұйымдары бітірушілерінің мемлекеттік қорытынды аттестаттауы мен орта білімнен кейінгі жоғары білім ұйымдарына қабылдау емтихандарын біріктірді. ҰБТ жалпы білім жүйесіндегі білім сапасын сырттай бақылайтын тәуелсіз жүйе ретінде қалыптасты. Сонымен қатар талапкерлерді кешенді тестілеу жүйесі (ТКТ) – ақпараттық технологияларды пайдаланып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан қалыптасқан. Әсіресе, парақорлық пен тамыртаныстықтың жолын кесуге бұл жүйе тиімді болғанын түсіну қиын болмас [1].

ҰБТ өткізілуі қазіргі уақытта ұлттық білім сапасының жыл санап артып келе жатқанын көрсетіп отыр. Барлық қатысушылардың орташа балы 2004 жылы – 52, 2005 жылы – 60,4, 2006 жылы – 63,3, 2007 жылы – 71,1, 2008 жылы – 68, 2009 жылы – 74,9, 2010 жылы – 84, 2011 жылы – 86,8 болды. Төменгі өту межесі 2004 жылы – 40, 2005 жылы – 40, 2006 жылы – 50, 2007 жылы – 60, 2008 жылы – 45, 2009 жылы – 45, 2010 жылы – 50, 2011 жылы – 50 болды. Ұлттық тестілеу жүйесінде 2004 жылдан бастап жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларға арналған шет тілдерден бақылау

емтиханы енгізілген болатын. Қазірде магистратура, PhD-докторантураға түсуге үміткерлердің бірыңғай талаптарын қамтамасыз ету және қабылдау емтихандарының нәтижесінің әділетті болуын арттыру мақсатында ағылшын, француз, неміс тілдерінде жалпы кешенді тестілеу технологиясы бойынша жүргізіліп келеді. Осы жылдар ішінде мұндай тестілеуге 90 мыңға жуық үміткер қатысты. Ұлттық тестілеу жүйесінде 2005 жылы орта мектеп оқушыларының (4 және 9 сынып) білімін мемлекеттік стандартқа сай меңгеру деңгейін және жоғары оқу орнында білім алушылардың (2 курс) пәнаралық білім деңгейін анықтау мақсатында мемлекеттік аралық бақылау (МAB) енгізілген болатын. 2004-2011 жылдарда МAB-қа 383 мыңнан астам ЖОО-ның студенттері және 1 млн. 800 мыңнан астам мектеп оқушылары қатысты. 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасының негізінде «мемлекетаралық бақылау» (МAB) өзгертіліп, 2012 жылы «оқу жетістіктерін сырттай бағалау» (ОЖСБ) енгізілді және орта мектептердің 9 сыныбы мен ЖОО-ның бітіруші курс білім алушылары білімдерін тексере отырып, тест тапсырмаларын тапсыратын болды.


Ұлттық тестілеу орталығында 2006 жылы ҚАЗТЕСТ жүйесі құрылды, ҚАЗТЕСТ – мемлекеттік тілді меңгеруді бағалау мақсатында TOEFL, IELTS, DALF/DELF, CELI, DSH, TÖMER, ТРКИ сияқты басқа да тіл білімін бағалаудың халықаралық жүйелеріне негізделіп жасалған тестіленушінің коммуникативтік компетенцияларын бағалауға бағытталған жүйе. Әсіресе, Білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов Елбасымыздың Жолдауында нұсқалған міндеттерді орындау барысымен қатар ҰБТ-дағы өзгерістерді, оның себептерін БАҚ-тарда белсене хабардар етті. ҰБТ-ның басты ерекшелігі тестілеудің өту мерзімі ұзартылды. Бұрын 1-10 маусым аралығында өткізіліп келсе, биыл 1-інен 15-ші маусым аралығында өтеді. Апелляциялық шағым-арыздар қабылданатын мерзімнің тестілеу қорытындылары жарияланған күннің ертеңіндегі сағат 14.00-ге дейін ұзартылды. Мұнымен бірге математика пәні тестілерінің әрбір нұсқасына бір логикалық тест тапсырмалары енгізілді. Әрбір ҰБТ өткізу орындарындағы мемлекеттік комиссия мүшелерінің саны 11-ден 5 адамға қысқартылды. ҰБТ өтіп жатқан ғимаратта тексеріліп, қорытынды хаттама толтырылатын болады. ҰБТ-ға кенеттен ауырған және отбасы жағдайына байланысты қатыса алмағандар үшін қорытынды аттестациялауды мемлекеттік бітіру емтиханы түрінде өтеді және оқуын бітіретін жылы орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім беретін білім ордаларына кешенді тестілеу арқылы түсе алады. Бұл «Білім туралы» Заңмен және осы жылдың 27 ақпанында ҚР Үкіметінің №261 «Оқушыларды қорытынды аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы» қаулысымен қабылданды. Біріншіден, денсаулық жағдайына; екіншіден, жақын туыстарының қайтыс болуы (ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, бір әке, бір шешеден туылған

және бір кіндіктен емес іні-қарындас, аға-әпке, ата, әже); үшіншіден, төтенше жағдайлар, сондай-ақ, жол-көлік оқиғаларына ұшыраған жағдайда ҰБТ-ға қатысудан босатылады. Ұлттық тестілеуге орта оқу орнын колледж, техникалық және кәсіптік білім беру орындарын бітірушілер қатысатын болады.

Оқушыға, ата-анаға психологиялық көмек берудің нәтижесінде ҰБТ қорытындысы жылдан жылға көтерілуде. Кесте-1 Төлеубаева Жаңагүл Бағдатқызы педагог-психологі жасап көрсеткен еді.

Кесте-1 ҰБТ қорытындыларының салыстырмалы сараптамасы

Оқу жылы	Түлектер саны	Орташа ұпай	Орындалу пайызы	Грант саны
2010-2011	28	99,7	79,7	15
2011-2012	31	81,97	65,6	16
2012-2013	35	82,3	65,8	16
2013-2014	38	82,26	65,8	13
2014-2015	33	86,9	94	6



Диаграммада ҰБТ қорытындысы жылдан жылға көтерілуде ҰБТ-ға дайындық кезінде ұжымдық қарым-қатынас ынтымақта болуы оқушыға күш береді, көңіл-күйі жоғарылайды.

Мұндай жағдайда жасөспірімге көмек, ең алдымен ата-анасының және ұстаздарының көмегі қажет екендігі түсінікті. Көп ата-аналар керісінше, үрей тудырып, балаларына тым артық талап қойып та жатады.

## II. ҰБТ-ның жаңа форматы.

Еліміздің жоғарғы оқу орнына студенттерді іріктеу соңғы 3 жыл бой жаңа форматта жүргізіліп келеді. Яғни, ескі формат 125 балдан және


негізгі төрт пән, қосымша бір пәннен тұрады. Енді «ҰБТ-ның жаңа форматты қандай?» - деген сұраққа келейік. Биылғы жылы түлектер ЖОО-ға түсу үшін мектепте емтихан және жаңа форматтағы ҰБТ тапсырады. Ең алдымен, оқуға түсуге ниетті оқушылар 5 пәндік қорытынды аттестациядан өтеді. Аттестацияның қорытындылары туралы барлық мәліметтер Ұлттық тестілеу орталығы және білім басқармаларына жеткізіледі. Келесі кезекте өтетін ҰБТ-ның жаңа форматы 2 блоктан тұрады: 3 міндетті пән және 2 бейінді пән. Міндетті пәндер: «Математикалық сауаттылық», «Оқу сауаттылығы» және «Қазақстан тарихы». Әрқайсысы 20 сұрақтан тұрады. Ал бейінді пәннің бірі түлектің таңдауымен анықталса, екіншісіне таңдаған мамандығына сәйкес келетін пәнмен белгіленеді. Мысалы, «Физика» + «Математика», «Биология» + «Химия», «Шет тілі» + «Тарих», «Қазақ тілі және әдебиет» + «Тарих», «Химия» + «Физика». Әрқайсысы 30 сұрақтан тұрады. Жалпы берілетіні 120 сұрақ. Тестілеуге бөлінген уақыт – 3 сағат 30 минут. ЖОО-ға түсу үшін бағаның ең төменгі шегі өзгеріссіз 50 балл деңгейінде қалдырылды. Ең жоғары көрсеткіш – 140 балл. Себебі, бейінді пән сұрағының 5 жауабының ішінен тек жалғыз дұрыс жауабы бар болса, кейбір сұрақ 8 жауаппен беріледі. Оның 1, 2 немесе 3 жауабы дұрыс. Соған байланысты да оқушының баллы анықталады. Егер ол дұрыс жауаптың біреуін ғана тапса 0 балл, екеуін тапса 1 балл, ал үшеуін де тапса 2 балл қосылады.

Міндетті пәндер бойынша берілетін сұрақтар талапкердің жалпылау, салыстыру, тұжырымдау, логикалық ойлау қабілетін және т.б. дағдыларын тексеруге бағытталған. «Математикалық сауаттылық» пәнінің тапсырмалары тек есеп емес, сурет, кесте, диаграмма ретінде де көрсетілсе, «Оқу сауаттылығы» және «Қазақстан тарихы» тапсырмалары мәтін үзінділері ретінде беріледі.

*III. Физика пәнінен ҰБТ-ға даярлау кезіндегі қиыншылықтар мен қателіктер.*

Қиыншылықтарға келер болсақ ең қарапайым қиыншылықтар. Бірінші мәселе – уақыт. Бұл тек физикаға байланысты емес. Барлық пәндер үшін айтсада, жаратылыстану бағытындағы пәндер үшін аса қажет. Сондықтан ойлап үлгеруге, формулалармен есептіп шығарып үлгеруге минуттап белгілеуге дағдылану керек. Екінші мәселеге келетін болсақ, ол – арифметика. Небір күрделі есестерді шығарып келіп, формулаларды дұрыс қорта отырып, ең соңғы қарапайым математикалық тәсілден қате жіберу өте өкінішті. Бұл немқұрайлылықтан да асығыстықтан немесе қобалжудан болады. ҰБТ-ның өткізіліп келе жатқанына біршама жылдар болсада, қателікер көптеп кездесіп келеді. 11-сынып оқушылары тапсырған тестке көңіл бөлетін болсақ, қателіктер жоқ емес, бар. 4223- 1 «Суретте электр өрісі бейнеленген. 1 және 2 нүктелердің поенциал мәні үлкен болатынын көрсетіңіз», мұны тура мағынасында түсінетін болсақ, 1

және 2 нүктелердің потенциал  $\varphi_1 = \varphi_2$  деп жауап береміз және оны қате дейді [3].



Сурет 1 (Электр өрісінің кернеулігі)

Сурет 1 (Электр өрісінің кернеулігі берілген) [4] бойынша  $\varphi_1 > \varphi_2$  болады, есептің берілуіне «... қайсы нүктелердің потенциалы үлкен» деген өзгеріс енгізіп, түсінуіміз керек. Жоғарыда айтылғандай тапсырмалардың мәтініне өзгеріс енгізіп, дұрыс жауапқа жетуге болмайды. 2523, 7327-5, 0223-5 т.с.с нұсқаларда тербелістің ығысуының графигінде ығысу  $x$ -тің орнына әдетте толқын ұзындығын белгілейтін өлшем бірлігі алынған. 523-1, 0123-1 т.с.с қайталанып отыратын тапсырмаларда. «Материялық нүктенің жылдамдығы уақытқа тәуелді  $v = 4 \cdot t^2 \left(\frac{m}{c}\right)$  үдеуін анықта» деген есеп берілген. Уақыттың бірлігі (с), үдеудің бірлігі  $\left(\frac{m}{c^2}\right)$ . Есептің шартына енгізсек,  $\left[\frac{m}{c^2} \cdot c^2\right] = [m]$  болады, бұл жылдамдық бірлігі емес. Бұл қаншалықты түсінікті қате болса да, қайталанып отыратындығы анық [5]. Физикадан тест тапсырмаларын шешуде берілген уақыт кейбір есептер үшін жеткіліксіз. Сөзім жанды болу үшін 8523-25, 6423-27, 1123-26 т.с.с тапсырманы қарастырайық. Тапсырма: «15°C температурада көлемі  $V = 120m^3$  бөлмеде салыстырмалы ылғалдылық  $\varphi = 60\%$  бөлме ауасындағы су буының массасы (қаныққан будың қысымы 1,71 кПа)» Оқушы есепті шешуге кіріскенде түрткі болатын  $\mu_{H_2O} = 18 \cdot 10^3 \frac{кг}{моль}$ ,  $R = 8,31 \frac{Дж}{моль \cdot K}$  тұрақтылары берілмеген. Есептің шешуі мынадай болады:

$$\varphi = \left(\frac{P}{P_K}\right) \cdot 100\%$$

мұндағы  $P_K$ - қаныққан будың қысымы,

$$P = \frac{\varphi}{100\%} \cdot P_K$$

Менделеев- Клапейрон теңдеуі:

$$PV = \frac{m}{\mu} \cdot R \cdot T$$

$$m = \frac{P \cdot V \cdot \mu}{R \cdot T} = \frac{\varphi \cdot P_K \cdot V \cdot \mu}{100\% \cdot R \cdot T} = \frac{60\% \cdot 1,71 \cdot 10^3 \text{ Па} \cdot 120 \text{ м}^3 \cdot 18 \cdot 10^{-3} \frac{\text{кг}}{\text{моль}}}{100\% \cdot 8,31 \frac{\text{Дж}}{\text{моль} \cdot \text{К}} \cdot 288 \text{ К}} = 0,92 \text{ кг}$$

Демек, есептің жауабы, в) 0,92 кг Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытындыға келуге болады:

1. Тесттік нұсқауларда орта мектеп бағдарламасының тақырыптары біркелкі қамтылмаған, яғни кейбір нұсқауларда негізгі тақырыптарға байланысты тесттік, логикалық тапсырмалар кіргізілмесе, кейбіреулерінде бір мәнді, бір деңгейдегі, бір тақырыптағы тапсырмалар жиі кездеседі.

2. Қандай да бір түлек бір тақырыпты болсын толық, жақсы меңгерсе, сол тақырып бойынша бір нұсқаның өзінен-ақ 4-5 ұпай алуға мүмкіндігі бар немесе керісінше 4-5 ұпайды бірден жоғалтуы мүмкін.

3. Нұсқадағы тапсырмалар компьютердің көмегімен сұрыпталғандықтан, тапсырмаларды біртіндеп қиындату принципі орындалмай, деңгейлік тапсырмалар қалай болса солай орналасқан.

4. Тесттік нұсқалардың қиындық деңгейлерінің әр түрлі болуы, қойылатын бағаның әділдігіне күмәндануға септігін тигізіп, оқушыларды немқұрайлыққа тәрбиелеп, жорамалдап бір жауабын белгілей салуға мәжбүрлейді.

5. Бір тапсырманың бірнеше нұсқада қайталанып келуі, оқушылардың бір-бірімен ақпарат алмасуына жол ашады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Архипов Ю.В. Краткий конспект лекций курса Электричество и магнетизм. - Алматы: Казак университеті, 2009. - 60 б.
- 2 Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: Оқулық – Алматы: «Нұр-пресс», 2017 – 228 б.
- 3 Қазақбаева Д.М. Мектепте жаратылыс-ғылыми білім беруді дамытудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.08. – Алматы, 2010. – 315 б.
- 4 Ампер күші. Оң қол ережесі. URL: <https://bilimland.kz/kk/courses/physics-kk/ehlektrodinamika/magnit-orisi/lesson/amper-kushi-ong-qol-erezhesi>.
- 5 Құлбекұлы М., Хамраев Ш. Электр және магнетизмнің физикалық негіздері.– Алматы: Қарасай, 2012. – 288 б.